

14 ақпанда сүйікті қаламыздың 70 жылдығын тойлады. Осындай айтулы мереке, ел мен жердің мүшел тойында оның ішінде қазыналы Қарағандының өсіп-өркендеуіне болмаса жалпы дамуы мен экономикасы, арғы-бергі тарихы жайлы бүгінгідей келелі әңгіме бастар кезде сол қаламыздың өсіп-өркендеуіне қажырлы еңбек еткен, қилы-қилы тарихында салалы іздер қалдырған зиялы қауым жайлы пікір, жылы лебіз айтпай кету мүмкін емес. Ұзақ жылдар бойына Қарағандымыз әр түрлі ұлттар мен ұлыстарға құт мекен болып қана қоймай, халқымыздың көптеген аяулы ұл-қыздарының отаны, елдік-егемендік ой-пікірдің ордасына айналды.

Сондай ірі саяси қайраткер, халқына қалтқысыз қызмет еткен «Алыптар тобының» көрнекті өкілі, еліміздің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан «Алаш» қозғалысының көш бастарларының бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әрі ғалым, ұстаз, белгілі ағартушы Әлімхан Әбеуұлы Ермековтің (1891-1970) алатын орны ерекше. Ермеков тәрізді тұлғаның өмірі мен қызметіне бүгінде дұрыс баға беру тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін қажет.

Бүгіндері туғанына 113 жыл толып отырған Ермековтің есімі өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін көпшілікке белгілі болмады. Оның аты Қазақ Совет энциклопедиясына кірмеді, тарихшылар ол туралы үнсіз қалды. Тек математиктер ғана Қазақстандағы математика ғылымы тарихын қарастырғанда Ермековтің фамилиясын оқта-текте ауызға алып, оның математика саласындағы еңбектеріне тоқталатын. Шындығында, Ермековтің ғылыми-ағартушылық қызметі ХХ ғасырдың 17-жылдарында басталып, өмірінің соңғы жылдарына дейінгі аралықты қамтиды. Сол жылдары ол республикадағы орта және жоғары оқу орындарының ашылуына, жастардың өнер-білім алуына ұйтқы болды. Математика пәнінен сабақ беріп, сол курс бойынша қазақ тілінде тұңғыш ғылыми еңбектер жазды. Мысалы: 1935 жылы оның әуел баста екі кітап болып жарияланған «Ұлы математика курсы» («Курс высшей математики») атты кітабының 1-бөлімі «Қазақстан» баспасында жарық көрді. Редакторы - Құдайберген Жұбанов. 10 мың дана. 180 бет және 80 сызбадан тұрады. 1936 жылғы 26 беттік «Математика басылымдарындағы ғылыми терминдер», 1937 жылғы «Детеринанттар теориясының негіздері» атты еңбектері математика тарихына өшпес мұра болып кірген. Өкінішке орай, осы еңбектердің бәрі кейін кітап сөрелерінен алынып, оның атын атауға мүлдем тыйым салынды.

Ө.Ермеков бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Темірші болысында, қазіргі әкімшілік аймақтық бөлініс бойынша Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Қызыларай елді мекенінде, Үшқараның Бөрітасы деп аталатын жерде өмірге келген. Ө.Ермековтің өскен және білім алған ортасы Ресей империясының басқару жүйесінің жергілікті халыққа қарсы жаулық саясатымен, қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының барынша құлдырауымен сипатталады. Қарқаралы релдәк училищесі мен Семей гимназиясындағы жылдар, ұстаздардың әділ пікірлері, қоғамдық ғылымдармен айналысуы, сол кездің алдыңғы қатарлы зиялыларының көзқарастарымен танысуы, оның отаншылдық сана-сезімінің оянуына сөзсіз әсерін тигізді. Тарихи оқиғаларға толы Сібірдегі Том қаласында студент болған кезінде ол Ресей монархиялық билігіне қарсы жүргізілген Сібірдегі демократиялық қозғалыстардың күесі болды. Г.Потанин, Н.Ядринцев, В.Обручев сияқты орыс халқының озық ойлы тұлғаларынан тәрбие алды.

Империя көлемінде түрлі қозғалыстар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар дүниеге келіп жатқанда, оның мұсылман қауымдастығына барып, жақын араласуы болашақ күрес жолында тәжірибе жинақтауға ықпалын тигізді.

ХХ ғасырдың басында Ресейге толық бағындырылған қазақ елінің қоғамдық-саяси құрылысы, экономикасы мен мәдениеті бұрмалауға ұшыраған еді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «...әріне, бодандықтың аты - бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұлан-ғай-

ыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз төркі, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз міскін халге ұшырадық», - деген еді.

Ө.Ермеков қоғамдық-саяси қызметінің келесі бір өте маңызды кезеңі - «Алашорда» тарихынан табылады. 1917 жылдың басында Ресейде патша тақтан құлады. Саналуан өзгерістерді басқа ұлт зиялылары сияқты Ө.Ермеков те үлкен құлшыныспен қарсы алып, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың белгілі жетекшілерінің біріне айналды. Революция Алаш қозғалысы жетекшілерін қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешім қабылдауға алып келді. 1917 жылғы шілдеде өткен бірінші жалпықазақтық съезде саяси ұйым ретінде «Алаш» партиясы құрылды. Съезге қатысушылар саны аса көп болмағанына қарамастан (20-дан аса адам), оның күн тәртібіне сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Бұл

жақтың Ө.Бөкейханов, Ө.Ермеков сияқты оқыған ұлт өкілдерінің осынау ыстық жігері, ұлттық рухы зорлықпен өшіріліп, ұлы мұраттары жүзеге аспай қалды.

Елбасы Н.Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «бізде ол кезде тәуелсіздікті орнықтыру үшін қажетті біліктілік (интеллект), экономикалық, әскери потенциал жоқ еді». Бұл «1917 жылы Ресей империясы құлаған кезде Орталық Азия мүмкіндігі бола тұрып, тәуелсіздігін сақтай алмады» деген пікірлерге берілген дұрыс баға.

Ө.Ермековтің Кеңес өкіметінің саяси басқару жүйесіндегі қызметі 1919 жылдың желтоқсанынан басталып, жиырмасыншы жылдардың соңына дейін жалғасты.

Осынау тарихи қысқа мерзімнің ішінде-ақ Ө.Ермеков Қазақстан тарихының беттерінде өзінің жарқын бейнесін мәңгіге қалдырып үлгерді. Оның тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды



# Әлімхан Ермековтің

## ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

мәселелердің басым көпшілігі 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын ала талқыландырылған болатын. Олар мемлекеттік билік түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа мәселелер еді. Жалпықазақтық съезд делегаттары өздерінің басты назары ұлттық автономия, жер, Ресейлік құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру мәселелеріне аударды.

Бірақ қазан төңкерісі мен азамат соғысы бұл мақсаттардың орындалуына қолайлы жағдай туғыза қойған жоқ. Алашорда Ақпан революциясы әкелген жалпы демократиялық жеңістерді қайтарып алуды көздеді. Сөйтіп, демократиялық федерация мен Құрылтай жиналысын қолдаушылармен бірге ел ішіне бүлік салған большевиктерге қарсы күреске шықты. Олардың кеңестік билікпен жүргізген келіссөзі сәтті болмағаны белгілі. Қалыптасқан әскери-саяси жағдайды ескере отырып, сол кезеңдегі қазақ қоғамының даму барысы жеке дара әрекет етуге әзір еместігін дұрыс таразылаған құрамында Ө.Ермеков бар Алашорда үкіметі антибольшевиктік күштердің қолдауы арқылы ең алдымен халықтың амандығын, бүтіндігін сақтауға тырысты. 1918-1919 жылдарды қамтитын осынау шиеленіске толы кезеңде қазақ автономистері екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елінің дербестігін қамтамасыз ету үшін бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. Алашорданың басты жетекшілерінің бірі болған Ө.Ермеков осы мақсатты ту етіп, бірін-бірі күшпен алмастырған әртүрлі орыс үкіметтерімен жүргізілген келіссөздерге белсене қатысты. Ө.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, Р.Мәсекер және басқалармен бірге Алашорда үкіметінің көптеген жарлықтарын, заңдарын дайындап шығарысты. Осының бәрі Ө.Ермековтің 1917-1919 жылдардағы саяси және қоғамдық қызметінің сан қырлы болғанын көрсетеді. Алайда, Ресейді жайлаған азамат соғысының жалыны қазақ даласын да шарпып, көктей өтті. Батыс және шығыс Алашордасы болып екіге бөлініп кеткен автономиялық құрылымның екеуі де қару-жарағы сайлы Қызыл армияның тегеурініне төтеп бере алмады. 1919 жылдың соңында Қазақстан жері түгелдей кеңестердің қол астына көшті.

Ұлттық мүдде үшін, туған халқының игілігі үшін күрескен Ө.Ермеков сияқты қайраткерлер Кеңес үкіметіне жақпады. Олар құрған Алашорда атты үкімет тарих сахнасынан күштеп кетірілді. Сөйтіп Алашорданың игілікті ісі, өз мемлекетін құру үміті өте қайғылы аяқталды. Қа-

жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Батыс Қазақстанда Каспийдің солтүстік жағалауы мен Семей, Ақмола облыстарының жерлері, кейіннен Коростелев даласы Қазақстанға қайтарылды.

Қырревком 1920 жылдың маусымында Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Автономиясын құру туралы жобаға байланысты РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариатына «Қырғыз (Қазақ) өлкесінің территориясымен шекарасы» деген құжатты ұсынды. Онда осы жылғы көктем, жаз айларында Қырревкомның атқарған күрделі істерін атап өтті. Олар: біріншіден, Жалпықазақстан Кеңестерінің құрылтай съезіне дайындық жұмыстары; екіншіден, Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы жобаның жасалуы; үшіншіден, Қазақ өлкесінің территориясы мен шекарасын анықтау мәселесі. Осыған байланысты РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариаты мен Қырревкомның кейбір мүшелері «Қазақ өлкесінің шекарасын» анықтау барысында өздерінің ерекше пікірлерін білдірді. Олар қазақтың байырғы жерлерін бір ғана Қырғыз (Қазақ) Автономиясына беру мүмкін еместігін, бұлай істеу тек буржуазиялық ұлтшылдардың күшеюі мен билігінің кеңеюіне әкел соғатынын ескертті. Сондықтан, бұл авторлар Қазақ республикасынан Орал облысының Гурьев, Ілбішін және Орал уездерін, Торғай облысынан Қостанай уезін, Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін мүлдем шығарып тастауды ұсынды.

Осындай қарсылықтарға қарамастан 1920 жылы көктемде Семей мен Ақмола губревкомы қарамағында болғандықтан «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы уақытша ережеге» сәйкес осы екі ревкомды біріктіру мәселесін қолға алды. Алдын ала жоспарланған осы маңызды жұмыспен айналысу үшін облыстардан уәкілдер Орынбор қаласына шақырыла бастады. Ө.Ермековті Семей облысының губерниялық комитеті уәкіл етіп сайлады.

Қазақ автономиясы құрылып, оның шекарасы белгіленетін болғанда партия, шаруашылық басшылығында жетекшілік қызметте жүрген кейбір үлкен қайраткерлердің өздері ақиқаттан аттап, қазақтың өз жерін өзіне қимай, іштарлық жасап жорта бура тартамын сәттері тарихта аз кездеспейді. Солардың бірі, Лениннің өзі жүргізген БОАК жанындағы арнаулы өкімет комиссиясының Қазақ республикасының шекарасын белгілеген мәжілісінде баяндама жасаған Ө.Ермеков қатысқан келіссөз кезінде болған оқиға. Соңынан патша заманында Астрахань губерниясының иелігіне көшкен Нарын құмы жағалауын Қазақстанға қайтарып

беру жөніндегі талас қызған кезде «қай халық көп болса, соған берілсін» принципімен шешілуін Лениннің «көсемдігімен» теңестіреді. Ал, шын мәнінде бұл Ө.Ермековтей тұлғалардың қажымас еңбектерінің нәтижесінде жеткен жеңістер еді.

Революцияның алғашқы алапатынан көп адамдар өлі кеңестік жаңа мемлекеттің тұтқа-кіндігін, тізгін-шылбырын қалай ұстауды жете біле қоймаған кезде, осындай тарихи істің басы-қасында Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Т.Рысқұлов, Ө.Ермеков сияқты қайраткерлердің болуы, нелер бір қиын, шиеленіскен, әсіресе талай заман Ресейдің отары болып келген қазақ елінің тағдырының дұрыс, әділ шешілуіне өз үлестерін қосуы тарихта бүгінде өз атымен аталып, өшпейтін оқиға ретінде бағалануы қажет.

Сонымен бірге, В.И.Лениннің төрағалық етуімен болған БОАК жанындағы арнаулы үкімет комиссиясының Қырғыз (Қазақ) Республикасының шекарасын белгілеген мәжілісте Ө.Ермеков баяндама жасап, Қазақстандағы шекараны анықтауда үлкен маңызы бар күрделі де, шиеленіскен жер мәселесіне тоқталады. Каспий теңізінің солтүстік Нарын құмы жағалауын Астрахань губерниясынан қайтарып, Қазақстанның шекарасын анықтауда өз ұсыныстарын жасайды. Бүгіндері республикамыздың батысында орналасқан Атырау облысының Теңіз ауданындағы Ганюшкино, Забурение, Жанбай сияқты елді мекендер халыққа жайлы қоныс болып, ал Каспийдің табиғи байлығы күнкөрістің қайнар бұлағына айналды. Бұл Ө.Ермеков сияқты қазақ зиялыларының Қазақстанның территориялық тұтастығын реттеудегі қызметтерінің бір көрінісі ғана.

Ал Ақмола, Семей облыстарының Сібревком қарамағынан алынып, Қазақстанға қосылуы оңайға түскен жоқ. Сібревкомның кейбір мүшелері бұл мәселеге қарсы шықты. Тек 1920 жылдың екінші жартысында олар Қазақстанмен арадағы шекараны анықтау мәселесін мекемелер мен ведомстволар кеңесінде бес рет қараған. (Тамыз айларындағы кеңесте Ө.Ермековтің қатысқаны жоғарыда көрсеттік.) Бұл мәселе, тіпті, ҚазақКСР-ының құрылуы туралы декрет шыққаннан кейін де өз шешімін таппады.

**Қ.ӨСКЕМБАЕВ,  
Е.А.Бөкетов атындағы  
ҚарМУ-дың тарих  
факультетінің аға оқытушысы,  
тарих ғылымдарының кандидаты.**

(Басы. Жалғасы бар).

Бұл үшін 1921 жылы ақпан айында Қазақ үкіметі мен Сібір-евкомнан он адамнан тұратын төтенше комиссия тағайындалды. Комиссия отырыстарында бұл мәселе РК(б)П ОК-де 1922 жылы ақпан, мамыр айларында, ал БОАК-де 1922 жылғы қаңтар және ақпан айларында талқыланды.

Қазақ зиялылары В.Лениннің басқаруымен бүкіл елдің және республика мен облыстардың мүдделерін ескере отырып, осы ала ауыздықты шешудің бірден-бір дұрыс жолын табуға тырысты, таласты территориялық мәселені шешу қажеттігін және оны жаңадан құрылып жатқан Қазақ республикасының пайдасына шешу керектігін дәлелдеді.

В.Ленин төрағалық еткен ХКК және БОАК мәжілістерінде болған пікірсайыс барысында өз халқының тарихын тамаша білген Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ө.Ермеков, М.Сералин және басқалар ресми деректемелерден келтірілген бай негізге сүйене отырып, өлкені отарлау, оның жерін отаршылдық жаңа әкімшілік бөліністерге әдейі бөлшектеу, қазақтардың таңдаулы жерлерінен қоныстандыру қорын құру, қазақтардың мыңдаған ауылдарын ата-бабасы қан төгіп, мұраға қалдырған ата қоныстарынан жаппай қуып шығу процесін ашып көрсетті. Қазақ қауымдарының халық болып топтасу кезеңіндегі оның территориясының қалыптасуы шынайы көрсетілді.

Оның жетекшілігімен өлке тарихында орасан зор шаралар жүзеге асты және ол республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінде болған аса маңызды өзгерістерге басшылық жасады. Түйіндеп айтсақ, мына жайлар:

- Губревком, кейін Қырревком мүшесі, 1920 жылы Мәскеуде әрі коллегия төрағасы болды. Жоспарлау басқармасы мен өнеркәсіп саласындағы қызметтерінде жүріп, кеңес үкіметі мекемелерін жергілікті халықтардың өмір жағдайына бейімдеу арқылы, біріншіден жергілікті халықтардың құқықтық-әлеуметтік жағдайын орыс шаруаларының құқықтық жағдайымен теңестіруге; екіншіден, жергілікті халықтардың кеңес өкіметі мен мемлекеттік өміріне белсене араласуына кең мүмкіндіктер туғызу үшін тер төкті. Үшіншіден, Қазақстан мен Ресей Федерациясының шекарасын анықтауда, үлкен маңызы бар күрделі де шиеленіскен жер мәселелері араласып, орыс қазақтарының қолындағы көшпелі халықтардың ата қоныс мекендерін қайтару үшін жұмыс жасады;

- Ө.Ермеков республикадағы оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдени шараларға орасан зор көңіл бөліп, бұл салалардағы мекемелердің қалыптасып, тұрақты да жемісті жұмыс істеуіне қолғабыс жасап отырды;

- Ө.Ермеков қазақ, қырғыз және тағы басқа ұлт өкілдерінің бұрынғы қызметтері үшін немесе басқа да себептерге байланысты қырылып қалудан аман алып қалуға барлық күш-жігерін жұмсап, оларды қуғындау мен қанау әрекеттеріне тыйым салуға бар күшін аямады;

- Ө.Ермековтің кеңес өкіметі саяси басқару жүйесіндегі қызметінің ең бастысы және маңыздысы - қазақ жерінің, елінің саяси тұтастығы үшін, мемлекеттік егемендігі жолындағы табанды күресі болды. Сол үшін бар күш-жігерін жұмсады, бұл бағытта өз кезеңінің мүмкіндіктерінен жоғары табыстарға да жетті.

XX ғ. 20-шы жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында КСРО-ның экономикалық дамуындағы дағдарыс шиеленісе түскен сайын Кеңеске қарсы зиянкес элементтер мен астыртын ұйымдарды іздеу кең өрістей берді.

Шахталар мен кәсіпорындарда кездейсоқ авариялар болса, колхоздар мен совхоздарда мал өлсе, өрт және табиғи апаттар болса, - бәрі де тап жауларының тіміскі әрекеті деп түсіндіріліп, осыған сай халық жауларына және кеңеске қарсы деген бүлікші ұйымдар жөнінде қолдан жасалған істер қозғалды. Мәселен, 1930 ж. Семейде, осы облыстың Абыралы, Шыңғыстау және Қуаудандарында өмірде болмаған, орталығы Алматы болып табылатын астыртын «Қазақстан шаруалар партиясының» филиалының ашылуы.

Архив қойнауларынан табылған құжаттардан сталиндік түнек кезінде адам құнының кеткенін, халықтың рухани азғындалуына жол ашылғанын, ұлттық саясаттың бұрмалануы тарихты бұрмалауға әкелгенін, салт-сана үшін

1964 жылдар - тарихи кезең. Ол жеке басқа табыну саясатын батыл айыптады. Миллиондаған жазықсыз жандардың есімі тарихқа қайта оралды. Бұл дәуір бүкіл елімізбен бірге Қазақстан тарихына да өзіндік өзгерістер әкелді.

Осы жылдардағы өзгерістер және Ө.Ермековтің, оның туғандарының жоғары орындарға арыз-өтініштерінің әсері ме, әйтеуір, 1954 жылы оның ісін қайтадан қарау басталды. 1955 жылы 7 наурыз күні КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Министрлігінің ерекше кеңесінде, контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталып, лагерлерде, колонияларда, түрмелерде және айдауда жүргендердің қайта қарау үшін жиналған Орталық Комиссиясының шешіміне сәйкес «Ермековтің

# Әлімхан Ермековтің Өмірі мен қызметі

## Туған күні

қайғылы кезең басталғанын көреміз. Осы кезде бүтіндей бір отбасылар, әулеттер әдейі құртылды. Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықтың бұзылуы әуел бастан-ақ барлық жерге тән сипат алды. Сайлау құқықтарынан айыру, былайша айтқанда, «тәрбиелеу мақсатымен» тұрып жатқан ауданынан тыс жерге жер аударумен немесе ұзақ уақыт қамауда ұстаумен қорқыту сияқты күштеу тәсілдері мейлінше дағдылы және кең таралған іс-әрекеттерге айналды.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің негізгі толқындары 1928-1932, 1937-1938, 1947-1953 жылдары болып өтті. Әлімхан Ермеков осы жылдар аралығында «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» аталып, сол үш толқында үш рет сотталды. 18 жылдан астам өмірін түрмелер мен саяси қуғын-сүргінде өткізіп, азап шегіп, аса ауыр моральдық соққыға ұшырады. Кеңес өкіметінің жазалау органдарының қудалауында ұзақ жылдар болғанына қарамастан ол адамгершілік қасиеттерін, ұлтжандылық позициясын, ғалымдық, ұстаздық қасиеттерін кір шалдырмай сақтай білді.

Ө.Ермеков қанша жерден жалған жаланың, өтірік арыздардың құрбаны болып, күйкі тіршілікке тап болса да, сағы сынбай, адамгершіліктің биік тұлғасын ешқашан төмендетпеді, еңсесін түсірмеді. 1953 жылы наурыз айында КСРО көлемінде сол жылдары жасалуы мүмкін өзгерістің сипаты туралы екі бағыт, екі көзқарас белгілі болды. 1953-1954 жылдардағы социалистік қоғамдағы қарама-қайшылықтардың сипаты, жеке адам мен халық бұқарасының тарихтағы ролі, теория мен практиканың арақатынасы, басшылықтың коллективтілігі және басқалар туралы айтыстар өрістетді.

Л.Берияның қылмысты іс-әрекетін үзілді-кесілді тоқтату, қоғамдық өмірді демократияландыру жолындағы ісі маңызды кезең болды. Сталиннің өлімімен және Берияның өкімет билігінен тайдырылумен байланысты КСРО-да өмір сүрген қандыбалақ төртіптің ең қара түнек беттерінің бірі аяқталды.

Н.Хрущев билік құрған 1953-

1949 жылы 9 наурызда қозғалған №269834 ісіндегі үкім тоқтатылсын және Ө.Ермеков тұтқыннан босатылсын»,- деген қаулы қабылданды.

Осы құжатты негізге алып, Ө.Ермеков 1955 жылы 20 сәуірде №3671 анықтамасымен қамаудан шығып, отбасы тұрып жатқан Қарағанды қаласына жетеді. Елге келісімен ол КСРО Жоғарғы әскери прокуратурасына хат жолдап, өзінің толық ақталуын сұрап, тілек-өтінішін білдіреді. Сөйтіп, 1932 жылғы ісі бойынша 1958 жылы 1 наурызда, 1939 жылғы ісі бойынша 1957 жылы 26 қарашада, ал 1948 жылғы ісі бойынша 1955 жылы 7 наурызда КСРО Жоғарғы сот кеңесінің жаулыларымен толық ақталып шыққан Ө.Ермековтің жиырма бес жылға созылған қуғын-сүргін эпопеясы да аяқталды. Алайда Ө.Ермеков туған халқының жарқын болашағы үшін тындыра атқаратын қоғамдық қызметіне, ғылыми небір жаңалықтар ашатын шығармашылық талантына, қуғын-сүргінде болған ұзақ жылдар барынша кесерін тигізбей қойған жоқ еді.

Ермековтің ғылыми педагогикалық қызметін одан әрі жалғастыруына жағдай жасалып, тиісті қолдау көрсетілмеді. Алпысыншы жылдардың жылымығынан кейін кеңес қоғамының еңсесін басқан тоқырау кезінде әйгілі ғалымның есімі еш жерде аталмады.

Ө.Ермеков 1970 жылы 23 маусымда 79 жасында ауыр науқастан қайтыс болды. Қарағанды қаласындағы Михайловка зиратына жерленді.

Қазір тәуелсіздік алған заманда қазақ халқы да өлгенін тірілтіп, өшкенін жандырды. Арқа ардақтылары Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ж.Ақбаевтармен қатар Ө.Ермеков те халқымызға қайта оралып, ұрпағымен қауышты. Ол бүкіл өмірін еліміздің егемендігі, ұлтымыздың тәуелсіздігі жолындағы қажырлы күреске, жастарды білімге, мәдениетке тәрбиелеу ісіне қалтқысыз арнады.

Кезінде Ө.Ермековтің туғанына жүз жыл толған мүшел тойын, 1992 жылы сол кездегі Жезқазған облысының (қазіргі Қарағанды облысы) Ақтоғай ауданының жұртшылығы зор ілтипатпен атап



Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

Әлімхан Ермековтің 1950-жылғы суреті

өтіп, көптеген ізгілікті істерге мұрындық болған еді. Соған жалғаса Жезқазғанда ғылыми-практикалық конференция, Қазақстан Ұлттық Ғылыми академиясының математика институтында ғылыми кеңес өткізілді. 1998 жылы 18-19 қыркүйекте Ақтоғай аудан орталығында әкімшілік үйінің алдындағы үлкен алаңға Алаштың көсемдері қолбасшылары, Ө.Бөкейхановтың, Ж.Ақбаевтың, Ө.Ермековтің құрметіне еңселі ескерткіш орнатылды. Ескерткішті жасаған қарағандылық мүсінші, белгілі суреткер Жаубасар Қалиев. Бүгінде Қарағанды, Қарқаралы қалаларының орталық екі көшесінде, Ағадыр станциясының №131 орта мектебі мен Ақтоғай ауданы Қаратал кеңшарындағы орта мектебіне Ө.Ермековтің есімі беріліп отыр. Қарағанды қаласында елімізге белгілі азамат М.Құл-Мұхаммедтің ұсынысымен Ермеков көшесінде «Әлімхан Ермеков» атты кітап дүкені ашылды. 2000 жылдың қараша айынан бастап Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің сұранысы бойынша Президенттік мәдени орталығындағы мұражайда Ө.Ермековке байланысты құжаттар мен фотосуреттер жинақталуда. Бұл Алаш ардагері Ө.Ермековтің алып тұлғасына сай құрмет көрсетудің республика көлеміндегі алғашқы беташарлары демекпіз.

Әлімхан Ермековке және оның серіктеріне жабылған саяси жаланың арсыздығы, бүгінде тарих өзі дәлелдеп берді, енді оларды қалай ардақтаймыз және қастерлейміз десек те жол ашық. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық-демократиялық интеллигенциясының халық таныған көсемдерінің есімдері халыққа қайтарылып, олар қалдырған рухани мұра қалың жұртшылықтың игілігіне айналды.

Сонымен, Ө.Ермековтің өмірі мен қызметінің маңызды кезеңдеріне байланысты әңгімемді аяқтай келе, ресми мемлекеттік органдардың және шығармашылық интеллигенцияның назарына төмендегідей ұсыныстарымызды білдіреміз:

1. Әлімхан Ермеков тәрзіді біртуар перзенттеріміз бізде баршылық. Ө. Ермеков қызметі қазақ

хал қының тұтас ұрпақтарын отан сүйгіштікке, азаматтыққа және абзал қасиеттерге баулуға негіз бола алады. Сондықтан, оның есімін ардақтап: а) болашақ Қазақстан Республикасының негізін құрудағы және оның шекарасын анықтаудағы еңбегін ескеріп, Астана, Алматы тәрзіді ірі қалалардан оның атына көшелер берген жөн; ә) Осындай көшелер ол тұрған, қызмет еткен басқа қазақстандық қалаларда орын алып, мүсіндері орнатылса артық болмас еді; б) Қарағандыда Ө.Ермековтің мұражайын ұйымдастыруға толық негіз бар. Оған қажетті мүліктер мен құжаттар жеткілікті. Мұндай мұражай тек Ө.Ермеков туралы ғана емес, XX ғасыр басындағы халықтың тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ қайраткерлерінің қызметіне байланысты материалдарды қамти алар еді.

2. Ө. Ермеков ірі ғалым-математик, талантты қоғам қайраткері екенін ескере отырып, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы математика факультеттерінде үздік студенттерге оның есімімен аталатын стипендиялар тағайындалса. Әсіресе, бұл жұмысты жергілікті жерлерде кең насихаттауға болады. Тарихшылар ол өмір сүрген кезеңге бүгіндері дұрыс баға беріп, Ермеков сияқты тұлғалардың тарихтағы нақты орнын көрсетуде. Сонымен бірге қоғамдық ілімдердің ішіндегі кейбір курстарға сол заманның нақты көріністері мен фактілерін суреттейтін оқиғаларға тереңірек көңіл бөлу керектігі аңғарылады. Мысалы: Қазақ қайраткерлерінің еліміздің шекарасын анықтаудағы еңбектері «конфликтология курсында», 1905-1917ж.ж. Мемлекеттік думадағы еңбектерін «Парламентаризм тарихын» оқығанда пайдаланса.

3.Ардагер қайраткеріміз тұрған үйлерде, қызмет еткен жерлерде ескерткіш тақталар ілетін де жөніміз бар. Оның мүсіндерін орнату да болашақ жоспарымызда болуы тиіс.

4. Ө.Ермеков қалдырған мол мұраларды терең зерттеу және кеңінен насихаттау аса қажет. Әсіресе, азаттық қозғалысқа байланысты деректі құжаттар жинақтарын, шығармашылық мұраларын, зерттеу еңбектерін мүмкін болғанша тезірек оқырмандардың қолына жеткізу. Ол үшін бәлкім, алғаш оның есімімен аталатын қор ұйымдастырып, соның негізінде жоғарыдағыдай жұмыстарды жандандырған жөн. Ресейдің орталық қалаларындағы архивтердегі Ө. Ермековке және басқа да қазақ зиялыларына байланысты құжаттарды Елбасы ұсынған «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес Қазақстан архив орталықтарына ауыстыру туралы мемлекеттік деңгейде мәселе көтерілгені өте орынды болар еді.

Өз жұртына қызмет жасаған, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу - елдіктің белгісі. Ендеше егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болған дәуірімізде елімізге қаны мен жанын аямаған Әлімхан Өбеуұлы Ермеков сияқты ерлерімізді еске алайық, есте сақтайық, қастерлейік, білейік.

Бұл жұмыстар елімізге белгілі жеке тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуге және болашақ тарих ғылымында «Ермековтану» деген бағыттың берік орнығуына, еліміздің рухани өркендеуіне ықпал етіп, жол ашар еді.

**Қ.ӨСКЕМБАЕВ,**  
**Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың тарих факультетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты.**  
**(Соңы. Басы өткен санда).**